

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «В» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
IV апта (21 – 25 қыркүйек 2020 жыл)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Аманжеева А.Ж

Тәрбиеші: Абенова Б.К

Өтпелі тақырып «Менің мектебім»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	<p>Д/ ойын «Дәл осындай пішінді тап»</p> <p>Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.</p> <p>Ойынның құрал-жабдықтары: бала саны бойынша құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер.</p>	<p>Д/ ойын :Вагондарға дөңгелек таңдау»</p> <p>Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.</p> <p>Ойынның мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады</p>	<p>Үстел үсті ойыны: «Көзінді жұмып, қолыңмен анықта»</p> <p>Ойынның мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.</p> <p>Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар.</p> <p>Ойынның мазмұны: Балалар сипап – сезу арқылы заттың ұзын - қысқалығын анықтау. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзінді жұм да, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықта» деген тапсырма береді.</p>	<p>«Көп және біреу»</p> <p>Ойынның мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру. Ойынның құрал-жабдықтары: көп және бір зат бейнеленген суреттер.</p> <p>Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды.</p>	<p>Сюжеттік ойын: «Отбасы. Қарлығаштың туылған күні»</p> <p>Мақсаты: Ойында әлеуметтік орталағы шынайы оқиғаларды көрсете білуді, отбасы - бірге тұратын адамдар туралы ұғымды қалыптастыру, жақын адамдарына қамқорлық көрсету талабын дамыту, өзінің отбасын мақтаныш тұту сезімін дамыту, өзінің отбасы туралы білімін тереңдету негізінде балалардың сөздік қорын белсендіру.</p>

<p>балаларға сұрақ қояды. Сұраққа жауап беріп, әңгімелейді. Балалар өз ойларын айтады. 2-тапсырма. «Дүрбі» өлеңі оқып береді. <i>Дүрбі, тиін, кірпі</i> сөздеріне дыбыстық талдау жасату. І дыбысы естілген сөздерді буынға бөледі. Жұмсақ таңдай көтеріледі де, мұрын ауа жолымен жабылып тұрып, і дыбысы айтылады. І – жіңішке, дауысты дыбыс.</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p>Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі.</p> <p>3-тапсырма. Педагог өлең жолдарын оқиды. І әрпінің бейнесін түсті қағаздармен құрастырады.</p> <p>4-тапсырма. Сурет бойынша жұмыс жүргізіледі. І әрпі бар сөздерді сөмкенің суретімен сәйкестендіреді. Мысалы: <i>өшіргіш, кітап, кірпі, түлкі.</i> Осы жерде «Не артық?» ойынын ойнатып жіберуге болады. Балалар кірпі мен түлкіні сөмкеге салуға болмайтынын, яғни екеуі артық екенін табады. Бірақ осы сөздерде і дыбысының бар екенін айтады. І әрпінің баспа түрін жазады. Қорытындылап, мадақ</p>	<p>тауып, оларды жалғастыру керек. Достарымыз бізге тапсырма әзірлеп қойыпты. Қатарлардың қалай құрылғанын анықтап, оларды жалғастыру қажет. №1 тапсырмадағы суретке қарауды ұсынады. –Қыз балалар моншақты қалай тізіп жатыр? Моншақты тізудің реттілігін атайды және санап бояйды. 2-тапсырма. Жұптасып жұмыс істеу. Балалар бас киімдердің тәртібіне – үшбұрыш, шаршы; қолдарының орналасуына – екеуі төмен, біреуі жоғары, дененің пішіні мен түсіне – көк шаршы–көк шеңбер, екі қызыл шаршы, көк шаршы–көк шеңбер назар аударатырып, кішкентай адамдардың орналасу бірізділігін талқылайды. Содан кейін қажетті фигураны жиектейді. №3 тапсырма Педагог фигуралардың заңдылығын атауды ұсынады. Талқылаудан кейін балалар өз бетінше фигураларды толықтырып салады және бояйды. Орындаған тапсырманы бағалау, мадақтау.</p> <p>2.Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: Елордасы - Астана. Мақсаты: Республикамыздың қалай</p>	<p>беріп, әңгімелейді. Е әрпі кездесетін жануарларды атайды. Осылардың ішіндегі өз өлкесінде тіршілік ететін жануарларды табу.</p> <p>2-тапсырма. Суда тіршілік ететін жануарларды сурет бойынша ажыратады. Е дыбысы кездесетін жануардың атын қайталап, сөздерді буынға бөледі. Е – дауысты дыбыс. Е дыбысын айтқанда дауысымыз жіңішкеріп естіледі, дыбыс ерін арқылы айтылады. <i>Сергіту сәті.</i></p> <p>3-тапсырма Педагог өлең жолдарын оқиды. Өлеңде айтылған жануардың атын қайталайды, сол сөзге дыбыстық талдау жасайды. Е әрпінің бейнесін түсті қағаздармен құрастырады.</p> <p>4-тапсырма. Сурет бойынша жұмыс жүргізіледі. Е әрпі туралы өлеңді тыңдайды. Е әрпінің қандай затқа ұқсайтынын айтады.</p> <p>5-тапсырма. Е әрпін түрлі заттардан құрастырып жасайды.</p> <p>6-тапсырма. Мектеп жобасының сызбасын бастырып сызады. Оның қай әріпке ұқсайтынын айтады. Е әрпінің баспа түрін жазады.</p> <p>2.Дене шынықтыру. Тақырыбы: Жүппен дене</p>	<p>қазір Астана деп аталады. Қазір қаланың көшелері кең, зәулім ғимараттар салынған. Көрнекті жерлері өте көп. Мысалы: «Астана-Бәйтерек» монументі. Биіктігі – 97 метр. Бәйтерек кешені үш бөліктен тұрады. Ең жоғарғы жағында «Аялы алақан» композициясы орын тепкен. Одан әрі қосымша түріндегі композиция өз негізінен бөлініп, жер бетіне қалықтап тұрғандай әсерге бөлейді. Ұшар басында алтын шар орналасқан. Бұл – Астанадағы халық көп баратын нысан. «Кім шапшан» ойыны – Қазақстан Республикасының Президенті кім? (Қасым Жомарт Кемелұлы) – Еліміздің бас қаласы қай қала? (Астана) – Астана қаласының символы қалай аталады? (Астана-Бәйтерек) – ҚР Мемлекеттік рәміздерін ата? (Ту, Гимн, Елтаңба) – Астанадағы ең ірі мәдени ойын-сауық кешені? (Думан) – Астана қаласы қай өзеннің жағалауында орналасқан? (Есіл) – Бәйтеректің биіктігі қанша? (97 метр) – «Астана» сөзі неше буыннан тұрады? (3) 2-тапсырма: Астана мен Алматының көрікті жерлерін атайды. Қаланың назар аударарлық орындары Ақ Орда – Қазақстан Республикасы Президентінің</p>	<p>Шаңыраққа киіліп, Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй боп көрінер. Дәптермен жұмыс. -Суреттер бойынша «жақсылық», «қамқорлық», «көмек» сөздерін қатыстырып, әңгіме құрастыру. Суреттерді бояу. Ғажайып сөздер. Жақсылық жасау-бақыт, қуаныш. Дидактикалық ойын. «Сықырлы саусақтар» -Бүгін біз жақсылық жасау- бақыт, қуаныш екенін түсіндік, бір-бірімізге жақсылық жасай білуді үйрендік.</p> <p>2.Музыка. Тақырыбы:«Астанаға саяхат» Мақсаты:Тыңдалған музыкалық шығармадағы қарқынды (жылдам, баяу) динамиканы (қатты, ақырын) регистрді (жоғары – «құс», орташа–«қоян», төмен–«аю») анықтау Тыңдау: «Гүл жайнаған Астана». (муз. мен сөзі Г.Жотаева) Ән айту. «Астанам –бас қалам» (Қ.Қуатбаев К.Шалқаров) Музыкалық ырғақты қозғалыс: «Биге шақырамыз» (Г.А.Партнов)</p> <p>3.Дене шынықтыру. Тақырыбы: Біз спортпен айналысып, тез өсеміз</p> <p>(негізгі қимылдар) Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау</p>
---	--	--	---	---

<p>тау.</p> <p>2.Музыка. Тақырыбы:«Астанаға саяхат» Мақсаты:Тыңдалған музыкалық шығармадағы қарқынды (жылдам, баяу) динамиканы (қатты, ақырын) регистрді (жоғары – «құс», орташа–«қоян», төмен–«аю») анықтау Тыңдау: «Гүл жайнаған Астана». (муз. мен сөзі Г.Жотаева Ән айту. «Астанам –бас қалам» (Қ.Қуатбаев К.Шалқаров) Музыкалық ырғақты қозғалыс: «Биге шақырамыз» (Г.А.Партнов)</p> <p>3.Жаратылыстану. Тақырыбы: Сенің өмір сүруіңе не қажет? Мақсаты: Адамның өмір сүруіне қажетті жағдайларды білу</p> <p><i>Тағы ҰОҚ басталды, «Бес» алуға аз қалды. Бәрін айтып жасқанбай, Риза қылғын басқаны.</i> Сурет арқылы адамның өмір сүруіне қажетті жағдайлар, заттар туралы түсінік беру. Педагог балаларға «Сенің өмір сүруің үшін не қажет?» тақырыбын ұсынады. Балалар сұрақтарға жауап бере отырып, өз бетімен ойланады.</p>	<p>аталатыны қазіргі орталығы бас қаласы туралы мағлұмат беру.шаттық шеңбері Деніміз сау болсын, Күніміз күлімдесін, Еліміз аман болсын, Ата - анамыз қасымызда болсын, Бәріміз дос болайық, Бәріміз бақытты болайық, Аспанымыз ашық болсын. Ән: Әнұран. -Қане балалар орнымызға отырайық. Біз бүгін сендермен отанымыз туралы әңгімелесеміз: Балалар «Отан» деген сөзді қалай түсінесіңдер.</p> <p>-Дұрыс балалар, отан дегеніміз біздің еліміз туған үйлеріміз, өзіміз туып өскен жеріміз. -Біз қай мемлекетте тұрамыз?</p> <p>-Қазақстан Республикасының президенті кім?</p> <p>-Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қандай? -Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Қазақстанда әр түрлі халықтармен ұлт өкілдері тұрады. Соның ішінде қандай ұлт өкілдерін білесің? -Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер?</p> <p>-Ту, Елтаңба, Әнұранды бір сөзбен қалай айтамыз? Ойын:«Рәміздерді құрастыру»:</p>	<p>бітімін жетілдіру</p> <p>(негізгі қимылдар) Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау</p> <p>Балалардан қалаңыздың футбол клубы туралы, футбол жарыстарына барғаны туралы әңгімелеуін сұраңыз. Футболда ойыншылардың функционалдық міндеттері, жаттықтырушының, массаж жасаушының рөліне назар аударыңыз. Стадиондағы тәртіп ережесіне, кездейсоқ жағдайлардағы қауіпсіздік ережелеріне көңіл бөліңіз. Қолға арналған жаттығулар жасай отырып жүру. Баяу жүгіру – 3 минут. «У-шу» жаттығулар кешенімен тыныс алуды қалпына келтіру.</p> <p>Құс ұядан ұшады – б.қ. – аяқ иық деңгейінде. Қолды кеуде тұсында бүгіп, білекті көлденең, саусақты жазып ұстау; шынтақты барынша екі жаққа апарып демді ішке тарту; б.қ. – демді сыртқа шығару. Аяқ ұшын алға апару 6 – 8 рет.</p> <p>Тырна қанатын жаяды (екі жаққа бұрыла отырып). Б.қ. – қолды баяу алға созып, жоғарыға, екі жаққа созу. Бір мезетте оң аяқты тізе бүге отырып көтеру (жамбас еденге көлденең келеді); – демді ішке тарту;</p>	<p>резиденциясы. Бәйтерек – Астананың басты символы. Тәуелсіздік Сарайы – мемлекеттік ресми іс-шаралар өткізілетін орын. Бейбітшілік пен келісім сарайы – Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін өткізу үшін арналған ғимарат. Хан Шатыр – Астананың ең үлкен ойын-сауық орталығы. Әліппе-дәптермен жұмыс. 3-тапсырма: «Суретті боя». «Астана-Бәйтерек» кешені және Алматы қаласының символы салынған суреттерді бояйды.</p> <p>2.Жапсыру. (Заттық аппликация) Тақырыбы:Шыршаны безендіреміз</p> <p>Мақсаты:Үлгікалып/есте сақталған үлгі/затқа қарап жапсыруларды құрастыру, сәйкес түсті, пішінді, заттардың фактурасы мен пропорцияларын таңдау, бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыс пайдалану. Достық туралы Күн мен жел достасады. Шөп пен шық достасады. Көбелек пен гүл де дос, Біз екеуміз мәңгі дос. Бәрін доспен бөлісеміз, Біз ешқашан ренжіспейміз. <i>Юрий Энтин</i> Педагог балаларға жұмбақ жасырады: Менен асқан сәнқой бар ма?</p>	<p>«Кім желден жүйрік? Біз – олимпиадашылар. Кім жүрегімен асқақ армандарға ұмтылады? Біз – олимпиадашылар! Кім қиындықтан қорықпай, жеңіске сенімді? Біз – олимпиадашылар! Кім адал достығымен мақтан тұтуға лайық? Біз – олимпиадашылар!» Баяу жүгіру – 3 минут. 60 м дистанцияға жүгіру. Дайындық жаттығуларын орындату: 1. Б. қ. – аяқтың ұшымен тұру. Бір орында тұрып аяқтың ұшымен жүру (өкшені еденге тигіздеу қажет). 2 . Б. қ. – аяқтың ұшымен тұру. Аяқтың ұшымен жүгіру. 1. Б.к. – бір қол белде, екіншісі жүгірген кездегідей білектен бүгілген. 2 – Бүгілген қолды баяу қарқынмен әрі-бері қозғау. Алдыға қозғағанда жұдырық иекке тию керек, ал артқа қозғағанда барынша артқа итеру қажет. Сол сияқты екінші қолмен орындалады. Жүгіруден жарыс өткізген кезде қауіпсіздік техникасына назар аударылады. Жүгіру барысында қол білектен бүгіліп, алға-артқа қозғалады. Жұдырық түйілмейді. Денені сәл алға еңкейту, бірақ бел бүгілмейді. Тістенбей денені бос ұстау қажет. Аяқтың ұшымен жүгіру қажет. Секіруге дайындық жаттығуларын өткізу. 1. Бір орында тұрып ұзындыққа секіру: сол аяқты алға жіберіп, оң аяқтың ұшымен тұру. 1. Оң аяқпен серпіліп, жарты қадам жерге екі аяқпен жеңіл секіріп түсу.</p>
--	---	---	--	--

<p>Берілген тақырып бойынша менің білетінім (Сұрақтар қояды). Өртүрлі құстар бейнеленген суреттер.</p> <p>– Менің білмейтінім не?</p> <p>– Осы тақырып бойынша мен не білгім келеді? (Бақылау мақсаты).</p> <p>– Менде қандай болжамдар туындайды?</p> <p>– Мен қайдан біле аламын?</p> <p>Педагог балаларды басқалардан білуге болады деген түсінікке әкеледі. Балалар басқа да ақпарат көздерін атаулары мүмкін. Бірақ біз әзірше «Басқа адамдарға» тоқталамыз.</p> <p>Адамның өсуі мен жетілуіне қажет мұқтаждықтар «Басқа адамдар» ақпарат көзі</p> <p>Топпен жұмыс.</p> <p>Педагог балалардың білімдерін белсендіреді. Мақсатты тұжырымдау. Балалар үлестірмелі дидактикалық материалдардан «өмір сүруге қажетті жағдайлар», «ауаның», «күннің», «судың», «жарықтың», «тамақтың» суреттерін көрсетеді. адамның өмір сүруіне не қажет деп ойлайсыңдар?</p> <p>«Адамның өмір сүруіне не қажет?».</p> <p>Суреттер: су, жарық, қараңғы бейнеленген суреттер</p> <p>«Егер ауа, су, жарық болмаса, не болар еді» Балалардың болжамдары: Жер бетінде тіршілік болмайтын еді. Жұмбақ Жылт-жылт етеді,</p>	<p>Шарты: Берілген қиынды суреттерден рәміздерді құрастырады.</p> <p>Ойын: «Дон»:</p> <p>Шарты: Тәрбиеші сұрақ қоя отырып, бір балаға лақтырады. Ол жауабын айтып допты қайтып лақтырады.</p> <p>- Ал, қане бастайық:</p> <p>- Қазақстанның астанасы, қай қала?</p> <p>- Қазақстан Республикасының президенті кім?</p> <p>- Біз қай елде тұрамыз? Балаларды мадақтау.</p> <p>3.Сурет салу.</p> <p>Тақырыбы:« Менің сүйікті үйім» (ұжымдық жұмыс)</p> <p>Мақсаты: Заттарды жерге, суға, аспанға қатыстылығы бойынша орналастырып, заттардың және зат бөлшектерінің пішінін, пропорцияларын, түсін есепке ала отырып, кеңістіктік арақатысын бейнелеу.</p> <p>Шаттық шеңбер.</p> <p>Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық достарым, Жаркыраған күнге!</p> <p>-Сәлеметсіңдер ме, балалар! Балалардың өздері тұратын үйлері жайында әңгімелету.Мекен жайларын сурау.Балалармен бірнеше үйлердің суреттерін қарап , талдау жасау.</p>	<p>– демді сыртқа шығару, б.қ.;</p> <p>– сол аяқпен осылай қайталаймыз.</p> <p>Жылан бии. Б.қ. – аяқты иық деңгейінде ұстау, қолдың саусақтарын айқастырып желкеге қою, шынтақты барынша артқа тарту;</p> <p>– Бас пен табанды қозғалтпастан сағат тіліне қарсы бағытта бөксені жеті рет айналдыру.</p> <p>Жел тербеген құрақ</p> <p>Б.қ. – аяқты алшақтата ұстап, сол аяққа еңкею, саусақты аяққа жеткізу – демді сыртқа шығару.</p> <p>Б.қ. – демді ішке тарту.</p> <p>Оң аяқпен де осылай жасау.</p> <p>3.Көркем әдебиет.</p> <p>Тақырыбы: Президенттік шырша</p> <p>Мақсаты: Шағын өлеңдерді, фольклор жанрларын мәнерлеп жатқа айту. Сырғанаққа мығымбыз, Шыныққанбыз, шымырмыз. Таудан төмен сырғанап, Біз тебеміз сырғанақ. Қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс мезгілі неше айдан тұрады? -Қыс мезгілінде қандай мерекені атап өтеміз? Тыныштық сәті: Балалар көздерін жұмып, терең тыныс алады. Көз алдарына Жаңа жыл мерекесін, жасыл шыршаға ілінген ойыншықтарды, шыршаны айналып ән айтып жүрген балаларды елестетеді.</p>	<p>Мойнымда жылтыр алқа. Төбемде алтын жұлдыз жарқырай ма? Жылына бір рет қана. Осыларды бойыма тағатыны Мені әбден қынжылтады. (Шырша)</p> <p>Жаңа жылдың алдында адамдар не істейді? Біз бүгін шыршаны безендіреміз.</p> <p>Әліппе-альбомның иллюстрациялық материалымен жұмыс.</p> <p>Суретке қара. Суретте не бейнеленген?</p> <p>Төменгі бұтақтарда қандай ойыншықтар ілулі тұр?</p> <p>Шыршаның жоғарғы бұтақтарында не ілулі тұр? Педагог балаларды көлемді жапсырмамен таныстырады. Көлемді жапсырма – бұл өте қызықты әрі оп-оңай! Педагог ауызша көркем сөзді пайдаланып, затқа (шыршаға) сенсорлық зерттеу ұйымдастырады. Оны үстел үстіне қоюға немесе шыршаға ілуге болады!</p> <p>Саусақтарға арналған жаттығу.</p> <p>Алдымызда шырша тұр. («Шырша» – қолдардың саусақтары айқастырылып, жоғары көтерілген, бұл – «шыршаның» төбесі.) Жаңғақтар, инелер. («Жаңғақтар» – түйілген жұдырықтар, «инелер» – тарбиған саусақтар.) Шарлар, шамдар. («Шарлар» – саусақтары бір-бірінен сәл алысқататылған «жарты</p>	<p>2. Бастапқы қалыптан сол алдыдан екі жай қадам басады да, үшіншісінде секіреді. Екінші қадам біріншісінен жылдам орындалады.</p> <p>4.В к Ойламыз, ойнаймыз</p> <p>Қызықты текше</p> <p>Мақсаты: Кестелер,суреттер Сандардың ретін меңгеру.</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p>Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап демалам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам. Ал егер өсімдіктерді көптеп отырғызып жүрсе не болады? (Таза ауа, желден). Сонымен өсімдіктерге су құю, дұрыс топыраққа отырғызу, өсімдікті күтуге жатқызуға бола ма? Өсімдіктерді қорғауға не керек? (Жарық, судың суреттері бейнеленген карточкалар тақтаға бекітіледі). Балалар педагогке гүлді отырғызуға көмектеседі. Әрбір іс-әрекетін түсіндіреді.</p>
---	--	---	--	---

	<p>Жылғадан өтеді. (Су) Әліппе-дәптермен жұмыс.. 1-тапсырма. Өмір сүруге қажетті және зиянды заттарды атайды. Адам мен жануардың тіршілігін салыстырады. 2-тапсырма. Денсаулыққа пайдалы заттардың суреттерін белгілейді. Сендердің әрқайсыларың алдарыңа мақсат қойып, соған жетуге әрдайым ұмтылсаңдар, қол жеткізулерің әбден мүмкін. Ойланыңдар және айтыңдар, адамның өмір сүруіне қандай жағдайлар қажет? <i>Қорытынды:</i> Адамның өмір сүруіне ауа, су, жарық, жылу, тамақ қажет.</p> <p>4.В К. Ұлттық ойындар. Тақырыбы: Түрлі заттармен ойналатын ойындар. Мақсаты: Түрлі заттармен ойналатын ойындар туралы түсінік беру. Балалардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамыту. «Шаттық шеңбері» Бір шаңырақ астында Тату тәтті тұрамыз Бірге ішеміз асты да Бірге сауран құрамыз Достықты үлгі санаған Бір үйде біз тұрамыз Қалған ата бабадан Біздің асыл мұрамыз. - Балалар келген қонақтармен амандасып алайық. - Балалар қазір жылдың қай мезгілі?</p>	<p>Өз үйлерін қалай салатынын ойландыру.</p> <p>-Әр бала құрылыс материалдарынан өз үйлерін құрастырады, үйдің іргетасы ,қабырғалары ,төбесі, терезелері, т.б бөліктерін тауып алады.Үйдің айналасында не бар екенін бейнелеу үшін қағаздар , ұсақ ойыншықтар беріледі.Салған суреттерін әңгімелетіп,мадақтау.</p> <p>4.Орыс тілі. Тема:Астана-сердце Казахстана Цель: внимательно слушать речь и правильно реагировать на нее (использование мимики и жестов, выполнение действий) Организационный момент. Дети становятся в круг. Здравствуй, солнце золотое, Здравствуй, небо голубое. Здравствуй, матушка-земля, Здравствуй, Родина моя!</p> <p>«Подбери словечко». Придумать подходящее слово к слову «родная», «родной». Как вы понимаете выражение «родная сторона»? Объясняет, что родная сторона – это то место, где нам все дорого, близко, где мы родились, где все для нас родное. Такое место называется</p>	<p>Жаңа жыл мерекесі қандай тамаша! Көздерін ашады. Дәптермен жұмыс. Ә.Табылдының «Жаңа жылым- тамаша!» өлеңін жаттау. Әкелді жыл ырыс-құт, Әлемде той, тыныштық. Жарқын өмір жаңаша, Жаңа жылы тамаша! Қыс туралы түсіндіру. Қыс – жылдың қызықты мезгілі. Жаңа жыл мерекесін бүкіл әлем халқы тойлайды. Жаңа жыл мерекесінің қонақтары- Аязата мен Ақшақар. Дидактикалық ойын. «Шыршаны құрастыр» Дәптермен жұмыс. Шыршаны безендір. -Жаңа жыл мерекесі сендерге несімен ұнайды? -Жаңа жыл мерекесін қалай қарсы алғыларың келеді? -Аязатадан қандай сыйлық күтесіндер?</p> <p>4.Мүсіндеу. Тақырыбы: Қарлығаштың ұясы (Қазақтың «Қарлығаштың құйрығы неге айыр»ертегісінің желісібойынша мүсіндеу) Мақсаты: Кейіпкерлерге тән бөліктерді (мұрын, ауыз,көз, құлақ, аяқ, қанат) пропорцияны сақтай отырып,қарапайым әдістерді (жұмырлау, жаю, жалпайту, кескіш көмегімен ойып алу, т.б.) қолданып мүсіндеу,жұмыстың конструктивті және</p>	<p><i>шөміш» тәрізді алақан жоғары қарай бұрылған, «шамдар» – дәл осындай күйдегі алақан төмен қарай бұрылған.)</i> Қояндар, шырақтар. («Қояндар» – сұқ және ортаңғы саусақтарды шошайтып, қалғандарын жұдырық етіп тую, «шырақтар» – саусақтары біріктірілген алақандарды түйістіру.) Жұлдыздар, адамдар. («Жұлдыздар» – саусақтары тарбиған алақандар біріктірілген, «адамдар» – «құлақтары» төмен қарайды). Жұмыстың орындалу технологиясын айту. Қауіпсіз жұмыс жүргізу техникасы Жұмыс орнында тәртіп сақта. Жарамды құралдармен ғана жұмыс жаса. Жұмыс кезінде қайшы жүзінің қозғалысын бақыла. Шыршаны жапсыру қорытындылап,мадақтау.</p> <p>3.Дене шынықтыру. Тақырыбы: Организмді шынықтырамыз. (Ауада) (негізгі қимылдар) Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру Сапқа, қатарға тұру. Балалардан еліміздің белгілі спортшылары туралы не білетіндерін сұрау. Олардың айтқан-дарын қысқаша толықтыру.</p>	
--	---	--	---	--	--

<p>- Қыс мезгілінің қай айы? - Бүгінгі ауа райы қандай? Жануарлар екіге бөлінеді.Үй жануарлары,жабайы жануарлар. Үй жануарларын үйде күтіп,баптап,адамдар күтеді. Тамақтандырады.</p> <p>Жабайы жануарлар орманда,далада,тауда тіршілік етеді.Олар өз қоректерін өздері тауып жейді. Түлкі-жыртқыш аң.Түсі сұрғылт сары,құйрығы ұзын,сирағы қысқа.Әр маусымда жүндері өзгеріп отырады.Түлкі өте айлакер,ку аң.Орманда ашық жерлерде,өзен-көл жағалауларында,тау баурайында мекендейді.Күндіз інінде жатып,түнде қорегін тауып жейді.Ол тышқан,жәндіктер жейді.Түлкінің баласын-мыршай деп атаймыз.Ендеше балалар түлкінің суретін оригами әдісі бойынша салайық.</p>	<p>Родина! Задание №1. Стихотворение «Родина». Жамбыл Жабаяев Среди всех народов, Среди разных стран. Люблю больше всех я Родной Казахстан! И горы его, и реки его, И яркое, жаркое солнце его.</p> <p>Задание №2. Расскажи с помощью учителя. Ребята, а вы можете рассказать о своей Родине? Как называется Родина, в которой ты живешь? Назови столицу нашей Родины. Какая у тебя Родина? Педагог помогает составить высказывания.</p> <p>Пальчиковая гимнастика «Дружная семейка». Этот пальчик большой – <i>(Руку сжать в кулак, поочередно разгибать пальцы, начиная с большого.)</i> Это папа дорогой. Рядом с папой – наша мама. Рядом с мамой – брат старшой. Вслед за ним сестренка – Милая девчонка. И самый маленький крепыш – Это славный наш малыш. Дружная семейка! <i>(Сжать руку в кулак несколько раз.)</i></p> <p>Задание №3. Продолжи ряд.</p>	<p>пластикалық техникаларын үйлестіріп, бөліктерді кіріктіру. Балалар ертегі кейіпкерлерін еске түсіріп, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» деген сұраққа жауап береді. Қорытынды жасайды: құстар – адамдардың көмекшісі, сондықтан адам да олар үшін жауапты. Ермек қарлығаштың қасына дәл сондай әдемі құстарды салуды ұсынады. Қарлығаштың мүсінін жасау алгоритмін түсіндіру. Қарлығашты қара ермексаздан жасауға болады. Сонымен қатар қосымша ақ және кішкене сары түсті ермексаз қажет. Алдымен құстың сымдай тартылған денесін жасап аламыз. Содан соң домалақтап басын жасаймыз. Көлемі едәуір кішкене болады. Дайын болған қос бөлшекті бір - бірімен біріктіреміз. Ақ ермексазды жалпақтап алып, кеудесіне жапсырамыз. Қанатына арнап қара түсті ермексаздан үтір тәріздес етіп екі бөлшек жасап аламыз. Кескіштің ұшымен қанатының ұзына бойына сызықтар түсіреміз. Қанаттың жалпақтау тұсын денесіне жапсырып, үстінен саусағымызбен аздап бастырамыз. Сүйір құйрығын жасау үшін қара түсті ермексазды ұзын етіп алып, жалпайтамыз. Содан соң айыр құйрығын жасау үшін ұзына бойы ортасынан тіліп кесеміз.</p>	<p>Тізбекке тұрып, алаңның бір шетінен екінші шетіне жүру. Адымдарын дұрыс басып жүруіне көңіл аударыңыз. 30 метр дистанцияға жүгіру. Дайындық жаттығуларын өткізу: 1. Б. қ. – аяқтың ұшымен тұру. Бір орында тұрып аяқтың ұшымен жүру (өкшені еденге тигізбеу қажет). 2 . Б. қ. – аяқтың ұшымен тұру. Аяқтың ұшымен жүгіру. 1. Б.қ. – бір қол белде, екіншісі жүгірген кездегідей білектен бүгілген. 2 – Бүгілген қолды баяу қарқынмен әрі-бері қозғау. Алдыға қозғағанда жұдырық иекке тию керек, ал артқа қозғағанда барынша артқа итеру қажет. Сол сияқты екінші қолмен орындалады. Жүгіруден жарыс өткізген кезде қауіпсіздік техникасына назар аударылады. Жүгіру барысында қол білектен бүгіліп, алға-артқа қозғалады. Жұдырық түйілмейді. Денені сәл алға еңкейту, бірақ бел бүгілмейді. Тістенбей денені бос ұстау қажет. Аяқтың ұшымен жүгіру қажет. «У-шу» жаттығулар кешенімен тыныс алуды қалпына келтіру.</p>	<p>4.В к Логика әлемі Тақырыбы: Уақытты</p>
--	---	---	--	---

			<p>Құйрық өз қалпын жоғалтпас үшін оған жіңішке сым енгіземіз.</p> <p>Құйрықты жапсырып, біріктірілген жерін мұқият тегістейміз. Мүсін шынайы шығуы үшін ұсақ бөлшектермен толықтырамыз.</p> <p>Яғни, көздерін, тұмсығы мен табандарын жасаймыз.</p> <p>Саусақтарға арналған жаттығу: «Құстар ұшып барады». Қорытындылау.</p>	<p>бағдарлау: айлар, жыл мезгілдері, жыл.</p> <p>Мақсаты: Жыл мезгілдерін, айларды ретімен атау іскерлігін дамыту.</p> <p>Мақсаты: Есептеу дағдыларын жетілдіру</p> <p>Ойын, тілін, танымдық қабілетін дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру, білімдерін нақтылау.</p> <p>Ұқыптылыққа, тәртіптілікке, әдептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Ауызша жұмыста балаларға көлемді денелердің макеті көрсетіледі және олардың атауы нақтыланады.</p> <p>1-тапсырманы орындар алдында балалар «Қайсысы неге ұқсас?» ойынын ойнайды. Тәрбиеші текшені көрсетеді. 2-тапсырма балаларға бұрыннан таныс, оны түсіндіруімен орындарында отырып орындайды. 3-тапсырма есепті құрастыру және шешу дағдысын бекітеді. Суретке қарандар. Неше текше үлкен? Оған нешеу қосты? Есептің шартын құрып, сұрақ қоямыз және оны шығарамыз.</p>	
--	--	--	---	---	--

<p>Алақай ойын! Сюжетті рөлдік , қимылдық және дидактикалық ойындар</p>	<p>Сюжетті-рөлді ойыны «Үшқыштар» Мақсаты: Ойында қоршаған ақиқат өмірдің оқиғаларын көрсету біліктерін қалыптастыру. Балалар арасында бірлесіп ойнау дағдыларын, рөлдерді бөлу туралы келісу біліктерін тәрбиелеу. Сюжетті-рөлдік ойынды жаңа мазмұнмен, жаңа эпизодтармен байыту арқылы жалғастыруға үйрету.</p>	<p>Д/ ойын.«Экологиялық бағдаршам» Мақсаты: Балаларды табиғат сұлулығын көріп, сезіне білуге, оны қорғай білуге тәрбиелеу. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін сақал-мәтел, тақпақтар, тиым сөздер арқылы білімдерін алттыру.</p>	<p>Қателеспе ойыны «Жер, су, ауа, от.» Ойын мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру</p>		
--	---	--	--	--	--

<p>« Табиғатпен біргеміз» Серуенге дайындық Серуен, табиғатты бақылау, таныстыру. Ойындар еңбек</p>	<p>Серуен №6 Аула тазалаушы еңбегін бақылау</p> <p>Мақсаты: — Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру; — Сөздік қорларын байыту; — Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу;</p>	<p>Серуен №7 Ауладағы ағаштарды бақылау</p> <p>Мақсаты: — Ағаштар туралы білімдерін бекіту; — Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту.</p>	<p>Серуен №8 Қара қарғаны бақылау</p> <p>— Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылау; — Басқа құстардан айырмашылығын табу. (сыртқы түрі, дауысы, жүрісі).</p>	<p>Серуен №9 Желді бақылау</p> <p>Мақсаты: — өлі табиғат туралы білімдерін байыту; — табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.</p>	<p>Серуен №10 Көпшілік көліктерін бақылау</p> <p>Мақсаты: — көпшілік көліктері туралы білімдерін тиянақтау, жолда жүру ережелерін білу; — Үлкендер еңбегі мен техникаға деген қызығушылыққа тәрбиелеу</p>
<p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</p>	<p>«Пішінді құрастыр.» Ойын мақсаты: Түстер мен пішіндер арқылы құрастырып үйрету. Есте сақтау, көру, ажырату қабілеттерін дамыту.</p>	<p>үш-төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасату.</p>	<p>қарапайым мысалдар мен есептерді шешеді, заттардың саны және шамасын айтқызу</p>	<p>алуан түрлі оқиғаларды құрастырады және әңгімелеп бере алады, ертегілер ойлап айтқызу.</p>	<p>жақсы мен жаман әрекеттерді ажырата алу</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы.</p>	<p>Ата-анамен сөйлесу. Жаңа жыл туралы айту. Балалардың тәртібін айту.</p>	<p>Өтілген дыбыстарға байланысты тақпақ, жаңылтпаштар қайталау</p>	<p>Ата-анамен сөйлесу, тақпақтарын, сандарды қайталау, қадағалау.</p>	<p>Өтілген тақырыпқа байланысты тақпақ, жаңылтпаштар қайталау</p>	<p>Жаңа жыл туралы тақпақтарын сұрау</p>